Әділет

# Қазақстан Республикасының Президенттігіне кандидаттардың үгіт баспа материалдарын орналастыру үшін орындарды белгілеу туралы

## *Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданының әкімдігінің 2011 жылғы 2 наурыздағы N 351 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Абай ауданындағы Әділет басқармасында 2011 жылғы 3 наурызда N 5-5-122 тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданының әкімдігінің 2011 жылғы 6 мамырдағы N 388 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданының әкімдігінің 2011.05.06 N 388 қаулысымен.

«Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауын тағайындау туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 4 ақпандағы № 1149 Жарлығын орындау үшін, «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі № 2464 Конституциялық заңының 28-бабының 6-тармағын, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы » Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңының 31-бабының 2-тармағын басшылыққа алып, ауылдық округ әкімдерінің және тиісті сайлау комиссияларының ұсыныстарын қарап, Абай аудандық әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасының Президенттігіне кандидаттардың үгіт баспа материалдарын орналастыру үшін келесі мекен-жайлар белгіленсін:

Қарауыл ауылы – «Аға сұлтан» алаңындағы тақта;
Кеңгірбай би ауылы - «Әсем» тойханасының алды;
Көкбай ауылы - байланыс бөлімшесінің алды;
Құндызды ауылы – ауылдық клубтың алды;
Архат ауылы - «Жайтэй» тойханасының алды;
Орда ауылы - дәрігерлік пункттің алды;
Қасқабұлақ ауылы - «Ақниет» тойханасының алды;
Саржал ауылы - «Парасат» тойханасының алды;
Тоқтамыс ауылы - «Берік» тойханасының алды;
Медеу ауылы – «Жастар» саябағының алды;

2. Ауылдық округтердің әкімдері тиісті сайлау комиссияларымен бірлесіп, үгіт баспа материалдарын орналастыратын орындарды стендтермен, тақталармен

, тұғырлықтармен жарақтандырсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары Е. Лдибаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі* *Е. Сүлеймен*

*Келісілген:*

*Абай аудандық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы* *Т. Ерденбеков*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК